

**Заңды тұлға - салық төлеушінің салық, сондай-ақ алым және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша мемлекет алдындағы берешегіне байланысты салық қызметі органдары билік етуі шектелген мүлікті сату жөнінде мамандандырылған ашық аукцион өткізудің тәртібі мен шарттары туралы Ережені бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 12 шілде N 952. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002.05.25. N 569 қаулысымен.

**ЕСКЕРТУ. Атауы мен мәтініне өзгертулер енгізілді - ҚРҰ-нің 19.03.1996 ж. N 333 қаулысымен.**

**ЕСКЕРТУ. Атауына өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 1999.12.30. N 2029 қаулысымен.**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 24 сәуірдегі Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы е т е д і :

Заңды тұлға - салық төлеушінің салық, сондай-ақ алым және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша мемлекет алдындағы берешегіне байланысты салық қызметі органдары билік етуі шектелген мүлікті сату жөнінде мамандандырылған ашық аукцион өткізудің тәртібі мен шарттары туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-министрі*

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1995 жылғы 12 шілдедегі  
N 952 қаулысымен  
БЕКІТІЛГЕН

**Заңды тұлға - салық төлеушінің салық, сондай-ақ алым және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша мемлекет алдындағы берешегіне байланысты салық қызметі органдары билік**

# **етуі шектелген мүлікті сату жөнінде мамандандырылған ашық аукцион өткізудің тәртібі мен шарттары туралы ЕРЕЖЕ**

**ЕСКЕРТУ.** Атауы мен мәтініне өзгертулер енгізілді - ҚР Үкіметінің 19.03.1996 ж. N 333 қаулысымен .

**ЕСКЕРТУ.** Атауы өзгерді, мәтіндегі "Сауданы ұйымдастырушы... қабылдайды" "Сауданы ұйымдастырушыға", "Сауданы ұйымдастырушы", " Сауданы ұйымдастырушының", "Сауданы ұйымдастырушы... даярлап", " Сауданы ұйымдастырушылармен", "Сауданы ұйымдастырушы... ұсынады, " Сауданы ұйымдастырушы... береді" деген сөздер тиісінше "Мамандандырылған аукцион өткізуші... қабылдайды", "Мамандандырылған аукцион өткізушіге", " Мамандандырылған аукцион өткізуші" "Мамандандырылған аукцион өткізушінің", "Мамандандырылған аукцион өткізуші... даярлап,", " Мамандандырылған аукцион өткізушілермен", "Мамандандырылған аукцион өткізуші... ұсынады" "Мамандандырылған аукцион өткізуші ... береді" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 1999.06.14. N 741 қаулысымен .

**ЕСКЕРТУ.** Атауы сөздермен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 1999.12.30. N 2029 қаулысымен .

## **I. Жалпы ережелер**

1. Салық төлеушінің тыйым салынған мүлкін өткізу жөніндегі мамандандырылған ашық аукцион ретінде (бұдан әрі аукцион) салық төлеушінің мемлекеттік бюджет алдындағы салық, сондай-ақ алым мен басқа да міндетті төлемдер, айыппұл мен өсім жөніндегі бюджетке берешегін өтеу мақсатында салық қызметі органдары билік етуді шектеген мүлкінің сатылуы өткізілетін о р ы н ұ ғ ы н ы л а д ы .

**ЕСКЕРТУ.** 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.12.30. N 2029 қ а у л ы с ы м е н .

2. Аукцион өткізуді ұйымдастырушы мүдделі салық қызметінің органдары ( бұдан әрі - Сатушы) болып табылады. Аукционға Сатушының өкілдері міндетті түрде қатысуы тиіс және салық төлеушінің - билік етуі шектелген меншік иесінің (шаруашылықты жүргізу құқығына ие кәсіпорын) өкілдері де қатыса алады. Егер аукционның өткізілетін күні, уақыты және орны туралы хабардар етілген салық төлеуші аукционға келмесе, онда саудаластық оның қатысуынсыз өткізіледі. Бұл ретте хабардар ету деп басшыға немесе оның орнындағы адамға қол қойдырып табыс ету немесе салық төлеуші заңды тұлғаның билік етуі шектелген мүлкінің тізімдеме актісінде салық төлеушінің көрсеткен заңды мекен-жайы бойынша

арнайы хатпен аукционның өткізілетін күні, уақыты және орны туралы жазбаша хабарламаны жолдау ұғынылады.

ЕСКЕРТУ. Өзгертулер енгізілді - ҚР Үкіметінің 19.03.1996 ж. N 333 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1999.06.14. N 741 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.12.30. N 2029 қаулысымен.

3. "Кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру және тарату жөніндегі агенттік" ашық акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Мамандандырылған аукционды өткізуші) аукционды өткізуші болып табылады. <\*>

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚРҰ-нің 1999.03.1996 ж. N 333 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1999.06.14. N 741 қаулысымен.

4. Мамандандырылған аукцион өткізуші салық төлеуші-борышқордан аукциондық сату шарттары бойынша өткізу үшін мүлік қабылдайды, сонымен бірге тауарлық-материалдық құндылықтарды жеткізу және (немесе) сақтау тәртібі айқындалады.

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Үкіметінің 19.03.1996 ж. N 333 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.12.30. N 2029 қаулысымен.

5. Осы Ережеге сәйкес өткізілетін аукционға сатып алушы ретінде жеке тұлғалар және меншік нысанына қарамастан барлық заңды тұлғалар, оның ішінде билік етуі шектелген мүліктің иесі салық төлеуші де (бұдан әрі - Сатып алушы) қатыса алады.

Осы Ереженің 8-1-тармағында көзделген жағдайларда Қазақстан Республикасының Үкіметі мамандандырылған ашық аукционға қатысушыларға ерекше талаптар белгілеуге құқылы.

Ескерту. Абзацпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2000.03.21. N 424 қаулысымен.

6. Аукцион арқылы сатылатын мүлік (жылжитын, жылжымайтын) бұдан әрі "тауар, тауарлар" деп аталады.

7. Салық қызметі органдарының аукционға қоятын билік етуі шектелген мүліктің рыноктағы бағасын белгілеу үшін құрамына Сатушының, Мамандандырылған аукцион өткізушінің өкілдері және аудитор (бағалаушы) кіретін комиссия құрылады. Аудитордың көрсеткен қызметіне ақы төлеу Мамандандырылған аукцион өткізушінің комиссиялық сыйақысы есебінен

ж ү з е г е

а с ы р ы л а д ы .

Комиссия салық комитеті төрағасының бұйрығымен құрылады.

ЕСКЕРТУ. Ереже 7-тармақпен толықтырылды - ҚРҰ-нің 1996.10.17.

№

1 2 7 8

қ а у л ы с ы м е н

ЕСКЕРТУ. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1999.06.14.

№ 741 қаулысымен .

## II. Аукционды өткізуге дайындық

8. Сатушы жасалған сауда шартына сәйкес Мамандандырылған аукцион өткізушілердің тауарлардың атауы, саны, тауарлар жөніндегі қажетті құжаттаманы тіркелуге жататын мүлік бойынша құқық белгілейтін құжаттардың көшірмелерімен қамтитын билік етуі шектелген мүліктің тізімдеме актісін береді , сондай-ақ онымен аукцион өткізілетін күнді белгілейді, бірақ ол мүлікке билік етуі шектелген сәттен 30 күннен кешіктірмей өткізілуге тиіс. Мамандандырылған аукцион өткізуші Сатушы тапсырған тізімдеме актісі негізінде аукционға қатысушыларға сатылатын ақпараттық бюллетень жасайды..

Аукционда сатылатын тауарлардың әуелгі (бастапқы) бағасын Мамандандырылған аукцион өткізуші белгілейді комиссия қатысқан кезде, олардың нарықтық бағасын, бірақ комиссия белгілегеннен кем емес негізге ала  
о т ы р ы п .

Салық қызметі органдарының билік етуі шектелген мүліктің құрамына кіретін бағалы қағаздарды сатудың тәртібі мен шарттары бағалы қағаздар рыногы туралы заңдармен айқындалады.

ЕСКЕРТУ. Өзгертулер енгізілді - ҚР Үкіметінің 19.03.1996 ж.

№

3 3 3

қ а у л ы с ы м е н .

ЕСКЕРТУ. Сөздермен толықтырылды, үшінші абзац алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 17.10.1996 ж. № 1278 қаулысымен .

ЕСКЕРТУ. 7-тармақ 8-тармақ болып саналсын; 8-30-тармақтар тиісінше 9-31 тармақтар болып саналсын - ҚР Үкіметінің 17.10.1996 ж. № 1278 қаулысымен .

ЕСКЕРТУ. 8-тармақ өзгерді және толықтырылды - ҚР Үкіметінің 1999.06.14. № 741 қаулысымен .

8-1. Салық төлеушілердің - заңды тұлғалардың республиканың экономикасы үшін маңызды стратегиялық мәні бар, азаматтардың өміріне, денсаулығына, ұлттық қауіпсіздікке немесе қоршаған ортаға ықпал етуі мүмкін, салық қызметі органдары билік етуді шектеген мүліктерін сату кезінде, Қазақстан Республикасы Үкіметінің жеке шешімдерімен мамандандырылған ашық аукцион өткізудің ерекше тәртібі мен шарттары белгіленуі мүмкін.

ЕСКЕРТУ. 8-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 1999.12.30. № 2029

қ а у л ы с ы м е н .

9. Мамандандырылған аукцион өткізушілермен аукционда сатуға ұсынылатын тауарлар туралы ақпараттық хабарлама даярлап, оны аукцион өткізіледі деп жарияланған күннен кемінде 10 күн бұрын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды ұйымдастырады.

ЕСКЕРТУ. Өзгертулер енгізілді - ҚРҰ-нің 19.03.1996 ж. N 333 қ а у л ы с ы м е н .

ЕСКЕРТУ. 9-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.06.14. N 741 қ а у л ы с ы м е н .

10. Ақпараттық хабарлама мынадай мәліметтерді қамтуға тиіс:  
аукцион өткізілетін күн, уақыт және орын;  
Сатылатын мүлкінің жалпы құны көрсетіліп, аукционға қойылатын салық төлеуші - заңды тұлғаның атауы;  
аукционға қатысу үшін төленетін ақша және ол аударылуға тиіс Сатушының арнаулы шотының реквизиттері;  
аукцион шығасысын өтейтін жарна сомасы және ол аударылуға тиіс Мамандандырылған аукцион өткізушілер арнаулы шотының реквизиттері;  
аукционға қатысу үшін өтінім қабылданатын мекен-жай, уақыты және мерзімі ;

Сатушының қалауы бойынша өзге де ақпараттар.

ЕСКЕРТУ. Өзгертулер енгізілді - ҚРҰ-нің 19.03.1996 ж. N 333 қ а у л ы с ы м е н .

ЕСКЕРТУ. 10-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.06.14. N 741 қ а у л ы с ы м е н .

ЕСКЕРТУ. 10-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.12.30. N 2029 қаулысымен .

### **III. Сатып алушылардың аукционға қатысу шарттары**

11. Аукцион арқылы сатылатын тауарларды сатып алғысы келетін Сатып алушылар несие төлеу тиіс. Сатып алушы Мамандандырылған аукцион өткізушілердің қатысуға өтінішін және несие төлегені жөнінде төлем құжаттарын б е р е д і .

ЕСКЕРТУ. Өзгертулер енгізілді - ҚРҰ-нің 19.03.1996 ж. N 333 қ а у л ы с ы м е н .

12. Аукцион шығасысы Сауда ұйымдастырушыға тиесілі комиссиялық сыйақы есебінен жабылады. Комиссиондық сыйақының мөлшері Сатушы мен Мамандандырылған аукцион өткізушінің арасындағы келісім бойынша айқындалады, ол сатудан алынған қаражаттың 10%-нен аспауға тиіс.

ЕСКЕРТУ. 11-тармақ жаңа редакцияда берілді - ҚРҰ-нің 19.03.1996 ж. N 333 қаулысымен .

ЕСКЕРТУ. 12-тармақ толықтырылды - ҚР Үкіметінің 1999.06.14. N 741 қаулысымен .

ЕСКЕРТУ. 12-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.12.30. N 2029 қаулысымен .

13. Мамандандырылған аукцион өткізушілермен саудадағы (аукционға) қатысушылардың билеттерін даярлайды, олар мынадай мәліметтерді қамтиды:

Сатып алушының саудаға қатысу нөмірі;  
Сатып алушы саудаға қатысып отырған тауардың атауы;  
сауданы өткізу шарттары .

ЕСКЕРТУ. Өзгертулер енгізілді - ҚРҰ-нің 19.03.1996 ж. N 333 қаулысымен .

14. Сатып алушы саудаға (аукционға) қатысушы мәртебесін билетті алған сәттен, бірақ сауданы өткізу уақытынан 2-3 күннен кешіктірмей алады;

Саудаға (аукционға) қатысушының;  
саудаға өзі немесе өз өкілдері арқылы қатысуға;  
саудаға салынатын тауар жөнінде қосымша тегін мәліметтер, нақтылаулар  
ал у ғ а ;

саудада сатылатын тауарды алдын-ала көруге;  
құқығы бұзылған жағдайда сотқа немесе төрелік сотқа шағым жасауға;  
аукцион өткізілуінен кемінде 5 күн бұрын жазбаша хабарлай отырып, саудаға қатысу жөніндегі өз өтінішін қайтарып алуға құқығы бар.

15. Саудаға қатысушы болып табылмайтын адамдарға кіру билеттері сатылады. Кіру билеттерінің саны мен олардың бағасын Мамандандырылған аукцион өткізушілермен айқындайды.

ЕСКЕРТУ. Өзгертулер енгізілді - ҚРҰ-нің 19.03.1996 ж. N 333 қаулысымен.

#### **IV. Сауданы өткізу тәртібі**

16. Сауда, егер оған саудаға (аукционға) қатысушының кемінде екеуі қатысса, ө т к і з і л е д і .

17. Сауданы өзара келісімде айқындалған шарттар бойынша Мамандандырылған аукцион өткізушілермен жалдаған аукционшы өткізеді.

Аукционшы сатуға қойылатын тауарларды ауызша сипаттайды.

Тауардың бастапқы бағасын жарияланған сәт сауданың басы болып табылады .

Тауардың бастапқы бағасы хабарланғаннан кейін 10 минут ішінде оны сатып

алуға дайын тұрған сатып алушы табылмаса, ал саудаластыққа қатысушылар саны үшеуден кем болмаса, аукционшы тауардың бағасын Сатушының және Саудаластықты ұйымдастырушының келісімі бойынша старттық бағасынан көп дегенде 40 процентке арзандатуға құқылы.

Егер тауардың бағасы кемітілгеннен кейін сатылмаса, оны аукционға салу тоқтатылады. Тауар аукционнан алынады және бастапқы бағасын өзгертумен, Сатушылар мен Сауда ұйымдастырушылар арасындағы келісіммен, салық төлеушілердің келісімі бойынша аукционға қайта қойылуы мүмкін. Егер бастапқы бағадан кем емес баға бойынша тауар сатып алуға ниет білдіруші сауданың бір ғана қатысушысы келсе, аукцион болмады деп саналады, ал тауар осы қатысушыға сату үшін саудадан алынады. Мұндай жағдайда, салық төлеуші-борышқор мен сатып алушы арасында Сауда ұйымдастырушысы комиссиялық сыйақы төлей отырып, сатып алу-сату шарты жасалады.

**ЕСКЕРТУ. Өзгертулер енгізілді - ҚРҰ-нің 19.03.1996 ж. N 333 қаулысымен .**

**ЕСКЕРТУ. Төртінші абзацы жаңа редакцияда берілді - ҚР Үкіметінің 17.10.1996 ж. N 1278 қаулысымен .**

18. Сауда барысында қатысушылар өз билеттерінің нөмірін аукционшыға көрсетіп, өз бағасын атайды .

19. Егер аукционшы соңғы бағаны үш рет жарияланғаннан кейін саудаға қатысушылардың ешқайсысы одан жоғары бағаны атамасы, аукционшы балғаны соғумен бір уақытта соңғы бағаны атаған қатысушының тауарды сатып алғанын хабарлайды .

20. Сауда барысында тауарға соңғы бағаны ұсынған қатысушы Мамандандырылған аукцион өткізушілермен белгілеген уақыт Мамандандырылған аукцион өткізушілер өкіліне қатысушы билетін көрсетуге және сауданың қорытындысы туралы хаттамаға қол қоюға тиіс. Хаттамаға Мамандандырылған аукцион өткізушілер, Сатушының өкілдері, сондай-ақ аукционшы қол қояды .

**ЕСКЕРТУ. Өзгертулер енгізілді - ҚР Үкіметінің 19.03.1996 ж. N 333 қаулысымен .**

21. Хаттамада сатып алушы, тауардың атауы, тауардың бастапқы құны мен сату бағасы, сондай-ақ сатып алу-сату шартына қол қою жөніндегі тараптардың міндеттемелері және сатып алушының сатып алу-сату шартына қол қоюдан бас тартқаны үшін жауапкершілігі туралы мәліметтер көрсетіледі.

Сауда қорытындылары туралы хаттаманың көшірмесі Сатып алушыға беріледі және ол сатып алу-сату шартын жасауға құқық беретін құжат болып табылады .

22. Сауда қорытындылары туралы хаттамаға қол қоюдан бас тартқан

қатысушы саудаға одан әрі қатысу құқығынан айырылады. Мұндай жағдайда аталған тауар бойынша сауда қайта жалғасады немесе тауар келесі саудаға шығарылады. Бұл туралы шешімді Сатушы қабылдайды.

23. Баға айырмасын (арзандату мөлшерін) салық төлеуші төменде көрсетілген т ә р т і п п е н ө т е й д і .

Егер аукциондық сатудан кейін салық төлеушінің мүлкі толық немесе ішінара өтпей қалса, мүлікке билік етуді шектеу жөніндегі енгізілген шешім салық органы салық төлеушіге - сатылатын мүліктің иесіне келісім жағдайында мүліктің өтпеген бөлігін қайта бағалау (арзандату) жөнінде ұсыныс жасайды және сонымен бір мезгілде олардың құнының кеміген айырмасын өтеу мақсатында мүліктің қосымша санынан билік етуді шектеу жөнінде шешім е н г і з і л е д і .

**ЕСКЕРТУ. Өзгертулер енгізілді - ҚРҰ-нің 19.03.1996 ж. N 333 қаулысымен .**

24. Сатудың және бюджетпен есеп айырысудың аяқталған жөнінде салық органынан жазбаша хабарлама алғаннан кейін аталған мүлік салық төлеушінің балансынан шығарып тастауға жатады.

25. Егер салық төлеуші салық және бюджетке төлемдер бойынша берешегін билік етуі шектелген мүліктің саудасы басталғанға дейін өтесе, онда бұған дейін аукционды ұйымдастыруға байланысты шыққан барлық шығынды салық төлеуші т ө л е й д і .

**ЕСКЕРТУ. Өзгертулер енгізілді - ҚР Үкіметінің 19.03.1996 ж. N 333 қаулысымен.**

## **V. Сатып алу-сату шарты**

26. Сауда аяқталғаннан кейін сауда қорытындылары туралы хаттама негізінде Сатып алушы мен Сатушы тауарды сатып алу-сату шартына қол қояды. Онда шарттың мәнiсi, жақтардың құқы, мiндеттерi және жауапкершiлiгi, толық сату құны мен төлем нысаны, төлем қаржысын аудару үшін Сатушының арнаулы бюджеттік шотының нөмірлері және басқа да шарттар көрсетiледi.

27. Тауардың толық сату құны тауарды сатудың түпкiлiктi бағасы болып т а б ы л а д ы .

28. Толық есеп айырысу тiкелей сауда аяқталғаннан кейiн жүргiзiледi. 3 банктiк күн iшiнде қатысушы сатып алғаны (тауар) үшiн тиесiлi соманы арнаулы бюджет есептерiне аударуы тиiс.

Егер сатып алушы 3 банктiк күн iшiнде сатып алғаны (тауар) үшiн тиесiлi соманы төлемесе, онда сатып алу-сату шарты бұзылған болып есептеледi және Сатып алушының төлеген несие сомасы қайтарылуға жатпайды.



Мамандандырылған аукцион өткізуші баға ұсынған (неғұрлым жоғары) басқа саудаға қатысушыға ұсынады, ол сатып алуға тілек білдірсе, онымен сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамаға қол қояды, хаттама негізінде Сатып алушы мен Сатушы арасында сатып алу-сату шарты жасалады.

29. Мамандандырылған аукцион өткізуші Сатушыға оның сауданы өткізу қорытындылары туралы талаптарына сәйкес есеп береді, бұл есепте аукционға қабылданған тауарлардың саны, бағасы мен құны, аукционда сатылған тауарлардың саны, бағасы мен құны, Сатып алушының алған тауарларына төлем жасау фактісін растайтын құжаттар, сауданы өткізуге кеткен шығыстар мен басқа да қажетті мәліметтер көрсетілуі қажет.

30. Сауда өткізу жөніндегі Сатып алушының жарна сомаларымен және кіру билеттерінің құнымен өтелмеген шығыстар мүліктері аукционда сатылған салық төлеушінің есебінен жүзеге асырылады.

## **VI. Аукциондық сату алымдарды төлеу тәртібі**

31. Салық төлеушінің салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша мемлекет алдындағы берешегіне байланысты салық қызметі органдары тыйым салған мүліктерді сату жөніндегі мамандандырылған ашық аукционның ұйымдастырушылары мен өткізушілері аукциондық сату алымдарын 0 ставкасымен төлейді.